

Курстық жұмыс

Бастауыш сыныпта оқушының
сөйлеу дағдысын қалыптастыру

Зерттеу мақсаты – бастауыш сыныпта оқушының сөйлеу дағдысын дамытудың теориялық негіздерін саралау және соған негізделген тиімді әдіс-тәсілдерді көрсету.

Зерттеу міндеттері:

- бастауыш сыныпта оқушының сөйлеу дағдысын дамыту әдістемесінің зерттелуі жайын айқындау;
- оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуға тапсырмалар үлгілерін, әдістері мен құралдарын ұсыну;

Зерттеу әдістері: Зерттеу тақырыбы бойынша жазылған ой-пікірлерге, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік ғылыми әдебиеттерге, оқулықтарға теориялық талдау жасау әдісі; әлеуметтік-педагогикалық әдіс (оқушылардың сөйлеу дағдылары мен біліктерін бақылау әдістері, мұғалімдер тәжірибесін зерттеу).

Зерттеу объектісі:

Бастауыш сыныптағы оқу-тәрбие үрдісі

Зерттеу пәні :

Ана тілі сабақтарында бастауыш сыныпта оқушының сөйлеу дағдысын дамыту әдістемесі


I БӨЛІМ.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Бастауыш сыныпта оқушының сөйлеу дағдысының дамыту әдістемесінің зерттелуі

Тіл дамыту мәселелерінің зерттелу жайы туралы әдістемелік еңбектерді зерттеу тақырыбымыз тұрғысынан талдау жасай отырып, бастауыш сынып жасындағы балалардың ауызша тілін дамытуда басшылыққа алдық.

Қазақ даласында оқу-ағарту ісін ұйымдастыру, қазақ балаларының сауатын ашу мен тілін дамыту мәселелеріне арнап алғаш рет ғылыми еңбектер жазған ғалым Ы. Алтынсарин болды.



А. Байтұрсынұлы балаларға дыбысты үйрету үшін, ең алдымен, сөз дегеннің не екенін білгізіп алу қажеттігін қайта-қайта пысықтаған.

«Шағын сөзді»

««Дыбысты әдіс»»

«Жазу-оқу»

Балалармен әңгімелесу.

Оқу-үйретуге де даярлайтын жұмыстар.

Сөзден дыбыстарды айырып шығару.

Әріптермен таныстыру.

Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу



М.Жұмабаев «Ана тілі бастауыш мектепте» деген еңбегінде оқушылардың сөйлеу дағдысын дамытуға дағдыландыратын жаттығулар жүйесін ұсынған.

М. Жұмабаев ұсынған әдіс-тәсілдер:



Сахналау

Сурет бойынша әңгіме

Әңгіменің бір бөлімін алып тастап айта білу


Даяр әңгімені өз жанына толықтыра білу

Хат жаза білу

Бір белгілі бір әңгімеге ұқсас екінші әңгімені ойдан шығару

Тіл дамыту әдістемесінің ғылыми негізін зерттеген С. Рахметова тіл дамытуға «балалардың сөздігін байытуға, мағынасын түсініп, сол сөздерді дәл қолдана білуге, өз ойларын, пікірін екінші біреуге жеке сөйлемдер арқылы, логикалық тұтастығын сақтай отырып, жүйелі түрде әңгімелеу арқылы ауызша айтып беруге үйрету жұмысын айтамыз» деп анықтама береді. Оны мынадай үш құрамдас бөліктерге бөлген:

- Оқушылардың сөздік қорын дамыту;
- сөз тіркесі, сөйлеммен жұмыс жүргізу;
- байланыстырып сөйлеуге үйрету;



1.2 Сөйлеу дағдысының дамыту жұмыстарының психологиялық, педагогикалық ерекшеліктері

Ана тілін оқытуда мынадай психологиялық ерекшеліктерін меңгеру қажет болады:

- біріншіден, сөйлеу процесіндегі ерекшелігі
- екіншіден, жеке оқушының ана тілін меңгерудегі қабілеті ескеру

Я.А.Коменский бала психикасын үшке бөлген:

Зерек бала

Ынжық
бала

Тік мінезді
бала

Алғыр, тік мінезді, өжет бала. Бірақ олар не көп пайда немесе зиян келтіретін балалар

білімге бейім, зерек балалар

Қабілеті төмен, ешнәрсе қызықтырмайтын балалар

Ынталы, бірақ момын балалар

Тапсырмалы орындайтын бірақ өте жай балалар және үнемі мадақтауды қажет ететін балалар

мінезі бұзық, қиын балалар

Баланың есте сақтау қабілетін дамыту ісінде Ж. Аймауытов осы мақсатқа қажетті төмендегідей шарттарды үнемі ескеріп отыруды талап етеді:

- Түсіндірілген білімді дәл және айқын ұғынғанша қайталап пысықтау;
- Меңгертілетін ұғымның балалар есінде қалатындай әсерлі болуы;
- Жаттау жұмыстары балалардың есте сақтау қабілетін дамытуға ықпал ету;
- балалардың ауызекі тілі мен жазу тілі арасында елеулі алшақтықтар болдырмау;
- Үйретілетін ұғымдар мен дағдылардың жүйелі, бір-бірімен байланысты болуы;

Шығыстың ұлы ойшылы
Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан
өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген,
көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің
бәрін жадында сақтайтын, олардың
ешбірін ұмытпайтын, өнер–білімге құштар,
аса қанағатшыл, жаны таза және әділ,
жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін,
қорқу мен жасқануды білмейтін батыл,
ержүрек болуы керек» – деген екен



II БӨЛІМ . АНА ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚУШЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫСЫНЫҢ ДАМЫТУДАҒЫ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Бастауыш сыныптарда оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары

Ана тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім - білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында жүргізілетін жұмыстарға төмендегідей әдістерді жатқызуға болады:

- Ауызша әдісі
- Көрнекілік әдісі
- Практикалық әдісі
- Іздену әдісі
- Индуктивтік әдісі
- Өзіндік жұмыс әдісі
- Ойын әдісі



Қазақ тілін оқыту әдістемесінде қатысымдық әдістің теориялық және әдіснамалық негіздерін ғылыми тұрғыдан алғаш рет қарастырған ғалым — Ф.Ш. Оразбаева. «Қатысымдық әдіс – тілдік қатынас теорияларын іс жүзінде асырушы барлық іс-әрекеттер мен тәжірибелердің жиынтығы », - деп тұжырымдайды.

Бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда мынадай принциптер қолданылды:

1. Теорияны практикамен байланыстыру принципі
2. Оқушылардың жеке қабілеттерін ескеру принципі
3. Ғылымилық принципі
4. Көрнекілік принципі
5. Жүйелілік және бірізділік принципі
6. Саналылық пен белсенділік принципі

2.2 Бастауыш сыныпта ана тілі сабақтарында ойын арқылы оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту

А. Макаренконың айтуынша: «Ойынға бір жақты көзқарас қате. Педагогикалық үрдісте ойынды дұрыс пайдалану сабақтың тиімділігін арттырады, балаларға қуаныш сыйлайды. Ойын бала үшін жаңа ортаға тезірек бейімделуіне мүмкіндік береді. Жаңа ортаға, оқу үрдісіне өту үйреншікті өмір сүру әдістерін өзгертуді қажет етеді».



Ойын - балалардың шынайы ойлап тапқан шындығына тез, еркін енуіне, өзіндік «Менің» қалыптастыруға және шығармашылыққа, белсенділікке, өзін - өзі дамытуға мүмкіндік береді. Ойын - әрқашан білім бола отырып, баланы білім алуға, еңбекке дайындайды.

Ойынға қойылатын әдістемелік талаптар:

- Ойынның мақсаты нақты және керекті көрнекіліктер мен материалдар күн ілгері дайындалып қою.
- Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібін оқушыларға әбден түсіндіру.
- Ойынға сыныптағы оқушылардың түгел қатысуын қамтамасыз ету.
- Ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеу.
- Ойын түрлерін бағдарламаға сай іріктеп алу.
- Ойынды баланың жас ерекшелігіне қарай түрлендіріп пайдалану.
- Қарапайым ойыннан қиын ойынға көшу.
- Міндетті түрде ойынның қорытындысын жариялау қажет.

Оқушыны білімге бірдей жетелеу үшін өз мүмкіндігіне сәйкес сабақты меңгерту, тілін, ой ұшқырлығын дамыту, өзіндік пікір айтуға жағдай жасау еркін шығармашылыққа жетелейтін, пәнге қызығушылығын арттыратын әдістің бірі - грамматикалық ойынның түрлері.



Лексикалық ойындар. «Кім білгір» ойыны. Тақтаға заттардың, жан - жануарлардың суреті ілінеді. Суретке байланысты мақал - мәтелдерді кім біледі?

Морфологиялық ойын. «Ойлан тап» ойыны.

- Бір сөз сын есім мен зат есімнен бірігіп келіп, бір аңның атын білдіреді? Ақбөкен

- Республикамыздағы қандай қала, өзен аттары біріккен сөз түрінде айтылады? Жетісу, Талдықорған

«Кім тез тауып, оқи алады?» ойыны. Мына сөйлемдерде сөздердің орын тәртібі ауысып жазылған. Оны тиісті тәртібіне келтіріп, кім тез тауып оқи алады? Абай жайында баяндама біз өмірбаяны тыңдадық.

Фонетикалық ойын. «Кім жылдам?» ойынын ойнатуға болады.

- Қ әрпінен басталатын қалалардың атын жаз. Мысалы: Қарағанды, Қызылорда, Қостанай.

- Тек қана е, ы, і дауысты дыбысы бар сөздер ойлап жазыңдар. Мысалы: ы - ыдыс, Ыдырыс, ыстық; І - ілгіш, ірімшік, тіршілік. е - береке, текемет, ертең.


ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, оқушы тілінде кемшілік болмай, оның дұрыс сөйлеуі, жүйелі сөйлеудің оқушыда қалыптасуы мұғалім жұмысына тікелей байланысты. Сондықтан оқушы тілінің дұрыс дамуын мұғалім қалыптастырады. Мұғалім оқушының қалай сөйлегенін үнемі қадағалап, оған дұрыс сөйлеудің үлгісін көрсетіп, қатесін уақытында түзетіп отырса, оқушыны дұрыс сөйлеуге үйрете аламыз.

«Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс».

Ыбырай Алтынсарин

Өткізілген тәрбие сағаты сапасының білім көрсеткіші.



Сыныптар	Сұрақ қою	Сұраққа жауап	Сұбаттасу	Әңгімелеу
1	55%	58%	54%	69%

Жалпы бақылау экспериментінің көрсеткіші.

